

Кел, балалар, оқылық!

Бал дәурен



№17 (336) 2 қыркүйек 2015 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жаңа оқу жылымен, қымбатты оқушылар!

Жаңалықтар. Хабарлар

Сәт сапар, жас маман!



Арал индустриалды - техникалық колледжінде "Сәт сапар саған, жас маман" атты диплом табыстау салтанатты жиыны өтті. Шараға Арал аудандық "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Ә.Ізбасаров, Арал индустриалды - техникалық колледжінің ардагер ұстаздары Ә. Керімов пен Ж.Сахалов сынды қонақтар қатысты.

Диплом тапсыру салтанатының ашылуында алдымен сөз алған Арал индустриалды - техникалық колледжі директорының міндетін атқарушы Н.Әбішев білім ұясынан ұшқалы отырған жас мамандарға алдағы уақытта өз мамандықтары бойынша еліміздің әр түкпірінде қызметке белсене араласуына сәттілік тілеп, үздік диплом иегерлеріне салтанатты түрде диплом табыстады. Жиын барысында Арал аудандық "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім

басшысы Ә. Ізбасаров жыл бойы белсенділігімен көзге түскен білімгерлерге алғыс хатын табыстады.

Салтанатты шараға шақырылған колледжіміздің ардагер ұстаздары бітіруші түлектерге жүрекжарды лебіздерін жеткізіп, арнайы дипломдарын табыстады. Колледж қабырғасынан түлеп ұшқалы тұрған бітіруші түлектер кейінгі ізбасарларына салтанатты жағдайда білім кілтін табыстады.

Сонымен қатар колледжді үздік дипломмен бітірген түлектер өздерін білім нәрімен сусындатқан ұстаздарына алдағы уақытта да саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында табысты болуларына жүрекжарды тілектерін жеткізді. Кеш соңы мерекелік шараға ұласып, орталық алаңда жалғасын тапты.

Ақмарал КҮНЖАНОВА
Арал индустриалды - техникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы



“Қайырымдылық - ізгі қасиет”



Жалағаш ауданының үйден әлеуметтік қызмет көрсетілетін 20 мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер кітапханада қонақта болды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың руханият ордасы - кітапханаға келуіне Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесі мұрындық болып отыр.

"Қайырымдылық - ізгі қасиет" атты саяхат барысында кітапханамен, суретті "сөйлейтін" жаңа кітаптармен

танысты. Кітапхана қызметкерлері арнайы ұйымдастырған "Сиқырлы лото", "Ертегі кейіпкерлерін тап" ойындарын ойнады.

Шара соңында кітапхана қонақтарына кітаптар сыйға берілді.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.



Суретті салған №11 мектеп оқушысы
Шынар МАРАТ.

Кештер, кездесулер

Өшпес ерлікке мәңгі тағзым



1979 жылдың 29 желтоқсаны мен 1989 жылдың 15 ақпанына дейін 10 жылға созылған Ауғанстан соғысына 23 мың қазақстандық қатысты. 749 жауынгер майданда қаза болып, 1 мыңнан астамы мүгедек болып оралды. 1 мыңы соғыстан кейін қаза болды.

Оның ішінде соғысқа қатысқан 821 қызылордалық бар, оның 31-і мүгедек болып оралса, 2-уі тәжік-ауған шекарасында, 18-і Ауғанстанда қайтыс



болған.

Ауған соғысына байланысты "Каз-рис" негізгі мектебінің кітапханасында 8-сынып оқушыларымен "Өшпес ерлікке мәңгі тағзым" атты іс-шара өтті.

Осы іс-шараға Ауған соғысының ардагері Жүсіпов Ғабит Тынымбекұлы қонаққа шақырылды.

Оқушылар ардагермен сұхбаттасып, көкейлерінде жүрген соғыс жайлы сұрақтарын қойды, ардагер Ғабит ағайымыздың әңгімесін тың-

дады.

8-сынып оқушылары әдеби монтаж дайындады.

Армысыздар, ауғандық жауынгерлер, Жырым бар жараланған жаныңды емдер.

Өлгендердің жәннатта болсын жаны,

Тірілерің мың жаса, дәуірлендер! Ерлік еткен ағаларым, аспан асты, жер үсті,

Біз сәндікке кимегенбіз деп шалбар мен бөрікті

Отан ана алдындағы өтеймін деп борышты,

Аттандыңдар, атқардыңдар соғысты.

8-сыныптың оқушылары Ауған соғысына арнаған өлеңдерін оқыды.


Ауғаныстан кеңес әскерлерінің шығарылғанына 26 жыл өтсе де, жауынгерлер соғыс жарасынан айыға алмай келеді. Ауғандық жауынгерлерді қадірлеп- құрметтеу - біздің борышымыз.

Мен қазақпын, Ұланымын елімнің, Мен қазақпын, тірегімін жерімнің. Ұланымын туын көкке көтерген, Болашаққа алға бастап жетелер. Қиындығын қазағымның әрқашан, Қайыспайтын қара нардай көтерер.

Маржан ЖАРАСОВА,
мектеп мұғалімі.
Сәуле РЫСБАЕВА,
кітапханашы.
Досан ауылы.



Суретті салған
№111 мектеп
оқушысы
Әсем ЕСҚОЖА,
Қармақшы ауданы.



Тағылым

Ұлықпан хакімнің перзентіне айтқан 100 насихаты

1.Ей ұлым, әуелі ұлы құдіретті жаратушыны таны.

2.Біреуге насихат айтсаң, алдымен өзің оны атқара біл.

3.Сөзді жағдайға қарап сөйле.

4.Адамдардың қадірін біл.

5.Басқалардың пікірі тыңдай біл.

6.Сырыңды құпия ұстай біл.

7.Досыңды қиын күндерде сына.

8.Қараниет, надан адамдардан алыс жүр.

9.Досыңды пайда, зиян алдында сына.

10.Дос болуда дана, ақылды адамды талда.

11.Жақсы істі бар зейініңмен істе.

12.Әйел адамға өте сеніп кетпе!

13.Үнемі данышпан адамдармен сұхбаттасып тұр.

14.Сөзді негізімен /дәлелімен/ сөйле.

15.Жастығыңды қадірлей біл.

16.Жас кезіңнен бастап екі дүниенің жұмысын тең істе.

17.Дос-жарандарыңды қадірле.

18.Дос-дұшпаныңның алдында екі беткейлік қылма.

19.Ата-ананды қадірле.

20.Ұстазыңды ата-анаңнан да артық сыйла.

21.Ақша жұмсауда кірісіне қара.

22.Әрқандай іс-істеуде өзіндік қыбланамаң болсын.

23.Асыл қасиеттілік алға бастар ұраның болсын.

24.Қонақ күтуің қағидалы болсын.

25.Біреудің үйіне барғанда көз, тіліңе көңіл бөл.

26.Киімді, денеңді таза ұста.

27.Жамағаттан /қауымнан/ алыстап кетпе.

28.Перзентіңе ғылым-білім үйрет.

29.Мүмкін болса перзентіңе атқа мінуді, мергендікті үйрет.

30.Аяқ киімді оң аяқтан бастап киіп, сол аяқтан шеш.

31.Бір адаммен бірігіп жұмыс істесең, сол адамды алдымен түсініп ал.

32.Түнде сөйлесең мұлайым, ақырын сөйле. Күндіз сөйлесең маңайыңа қарап сөйле.

33.Аз жеу, аз сөйлеуді өзіңе әдет қыл.

34.Өзіңе жақпаған істі басқаға зорлап таңба.

35.Алдымен ақыл-амал ойлап, одан барып жұмыс бастауды үйрен.

36.Оқып үйренбей тұрып, ұстаздық істеме.

37.Әйел мен балаға сыр айтпа.

38.Біреуден жақсылық дәмепте.

39.Ақымақ адамдардан жақсылық күтпе.

40.Әрқандай істе бейғамдық істеме.

41.Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.

42.Істемеген жұмысты бітті деп есептеме.

43.Өзіңнен үлкен адамға қалжың айтпа.

44.Өзіңнен үлкен адамды құрметтей біл.

45.Амал бар басқаларға жаман көрінбеуге тырыс.

46.Қажетті күшті адамдарды үмітсіздендірме.

47.Өтіп кеткен көңілсіз істерді қайта ойлап жүрме.

48.Басқалардың жақсылығын өз жақсылығыңмен араластырып алма.

49.Қаншалық байлығың - барлығын дос-дұшпаныңа білдірме.

50.Туыс-туғандардан алыстап кетуден сақтан.

51.Жақсы адамды өсек арқылы еске алма.

52.Өзімшіл болудан сақтан.

53.Халық жүрген жол болса сен де ілес.

54.Қолыңмен ауыз-мұрныңды шұқылама.

55.Адамдар арасында тісіңді

шұқыма.

56.Мұрныңды қатты сіңбірме, дауыстап қақырынып түкірме.

57.Есінесең қолыңмен ауызыңды жап.

58.Басқаларға қарап керілме.

59.Саусағыңды мұрныңа тықпа.

60.Маңызды сөзге қалжың араластырма.

61.Біреуді басқалар алдында ұялтпа.

62.Ишарат арқылы басқалардың айыбын ашпа.

63.Бір айтқан сөзіңді қайтадан қайталама.

64.Басқаларды әдепсіздікпен күлдіруден сақтан.

65.Өзіңді және жақын досыңды басқалар алдында мақтаудан сақтан.

66.Өзіңді әйелдерге ұқсас жасама.

67.Балаларың не айтса, соны істеп берме.

68.Тіліңді ая.

69.Сөйлеген кезде қолыңды ербеңдетпе.

70.Барлық адамды құрметтей біл.

71.Білімсіз адаммен сырласпа.

72.Өлген адамды жамандаумен еске алма, оның пайдасы жоқ.

73.Амалдың барынша басқалармен ұрыспа, кек сақтама.

74.Басқалардың күш-қуатын сынаушы болма.

75.Ұлы адамдардың сынын есіңе мықты ұста, күмәнді көзқараста болма.

76.Өзіңе тиісті нанды басқалардың дастарханында жеме.

77.Жұмысты жүрді-барды істеуден аулақ бол.

78.Мал-дүние үшін өзіңді қинап кетпе.

79.Кімде-кім өзіңді танымай қалса да, сен оны таны.

79.Шауып келгенде сөзді абайлап сөйле.

81.Шапаныңның етегімен мұрныңды сүртпе.

82.Күн шыққанға дейін ұйықтама.

83.Басқалар алдында жалғыз нәрсе жеме.

84.Үлкендердің алдында отырып алма.

85.Басқалар сөйлеп жатқанда сөзін бөлме.

86.Басыңды салбыратып отырма.

87.Көшеде жан-жағыңа жалтақтап жүрме, алдыға түзу қарап жүр.

88.Амал бар жайдақ атқа мінбе.

89.Қонақтың алдында басқаларға ренжіп ашуланба.

90.Қонақты жұмсама.

91.Қайыршы және мас адаммен сөйлеспе.

92.Маңайыңдағы жалқау, қолынан іс келмейтін адамдармен бірге отырма.

93.Пайдалы деп абыройыңды түсірме.

94.Менменші, тәкеппар болма.

95.Басқалардың саған қошемет көрсетуінен қаш.

96.Ұрыс-төбелестен, басқаларға қайшылық тудырудан аулақ бол.

97.Пышақсыз, жүзіксіз /ерлерге алтын істетуі харам/ және ақшасыз жүрме.

98.Өзіңді өте төмен санама.

99.Өзіңді қарапайым, әдепті ұста.

100.Алладан қорық, басқалар үшін жақсылығыңды аяма, біреудің мал дүниесіне көз қызартпа. Ұлықпан хакім былай дейді: насихат туралы үш мың нақылымның ішінен үш кәлімә талдап алдым, бұл үшеудің екеуін есіңде мықты сақта, ал біреуін ұмытып кет, есіңде мықты сақтайтын екеуі:

1.Аланы ұмытпа, 2.Өлімді ұмытпа, ал ұмытарың басқаларға істеген жақсылығыңды ұмыт!

"Көп жаса".
№6. 2015 жыл.

Мен қандай өлең жаздым?

Сыр елі - жыр елі аталған қасиетті өңіріміздің қай жері де қаймағы бұзылмаған өлең мен өнердің мекені, жыр мен жыраулықтың жылы ұясы деуге болады. Бұл ретте дүлдүл жырдың дүлейлері - Сыр сүлейлерінің отанына, орталығына айналған киелі Қармақшы ауданының орны бөлек. Осында жанынан жыры, көкірегінен күйі үзілмеген жүз ақын шыққан ауыл бар. Бұл атақты Тұрмағамбет атындағы ауыл. Әлгі жүз ақын дегендері - жыр додасында топқа түсіп топжарғандары, жүлде алып жүйрік атанғандары ғана. Осы ауылдың кез келген адамының қолына домбыра ұстаса жанынан шығарып жыр айтпайтыны, өз ойынан өлең құрастырмайтыны кемде кем. Мұның барлығы өн бойынан өлең саулаған, жай сөзінің өзі өлең боп өріліп, жыр боп төгіліп кететін тұлпар ақын Тұрмағамбет туған қасиетті топырақтың ықпалы болса керек.

Мен туған жер - Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылы Қармақшы ауданымен шекаралас жатқан жерде. Тұрмағамбет ауылымен екі арада елді мекен жоқ. Тура жүргенге 15-20 шақырымдай ғана жер. Екі ауыл да ежелден етене жақын, өрісі, қонысы ортақ болған. Тұрмағамбет ақын көрнекті тәжік классигі Садриддин Айнимен бірге Көкілташ медресесін бітіргеннен кейін біздің ауылға келіп, бала оқытқан, шәкірт тәрбиелеген. Өмірінің біраз жылдары осы ауылда өткен. "Өзімнен де артық ақын болады" деп айрықша үміт күткен баласы Әбдіәмит жас қырандай талпынып, жаңа қанат қаққан шағында біздің ауылда ауыр дерттен қайтыс болған. Бейіті біздің ауылда тұр.

Жүз ақын шыққан ауылмен, жыр дүлдүлі Тұрмағамбет тұрған топырақпен қанаттас қатар жатқандықтан болар біздің ауылда да өнерге, өлеңге, жырға құмар жандар аз болмаған. Сонау кеңістік кезеңнің алғашқы жылдарында ауыл іргесінен "Әдебиет", "Мәдениет" ұжымшарларының құрылуы да тегін емес. Кейін ұжымшарларды ірілендіру кезінде "Әдебиет" ұжымшары "Мәдениетке" қосылып кеткен. Біздің ауыл іргесіндегі "Мәдениет" қазір Жалағаш ауданындағы іргелі шаруашылықтардың бірі.

Біздің бала кезімізде ауыл ақсақалдары, абыз қарттары жиын, тойларда, жай дастархан басында бұрынғы өткен батырлар, ақындар жайлы айтып отыратын. Батырлардың ерекше ерлігі, ақындардың, өткір, әсерлі жырлары әңгіме етілетін. Кейде кітапты жүргізе оқи алатын балаларға ұзақ қисса, дастандарды оқытып, тыңдап отыратын. Бастауыш сыныптардың соңғы жылдарында мұндай құрметке біз де ие бола бастадық.

Батырлардың ерлігін сипаттайтын, олардың тұлпарларының шабысын суреттейтін екпінді жырлар бізді ерте еліктіріп, жырға, өлеңге құмарлығымызды ерте оятты. Жырдағы жекелеген үзінділерді, әдебиетті оқу кітабындағы ақындар өлеңдерін ерте жаттап өстік. Осыған еліктеп өз арамызда да өлең құрастырушылар көп болатын.

Менің анам Балагүл Қосшыбайқызы атақты Тұрмағамбет ақынның аталас жақын туысы еді. Өлең, жырға өзгеше ықыласы, зеректігін аңғарды ма, ақын анамның жас кезінде көп жағдайда жанына ертіп жүретін болған. Осыған байланысты анам ақын өлеңдерінің түгелге дерлігін жатқа білуші еді. Әрі кейде ыңылдап, әнге қосып айтып та отыратын. Біз де оны бала кезімізден құлағымызға құйып өстік.

Мен дүниеге келгеннен кейін сегіз айдан соң майданға аттанып, оралмай кеткен әкем Әміре де ән, жырды теріс көрмеген сияқты. Анамның айтуына қарағанда әкем мен туғанда атақты қармақшылық Рүстембек жырауды шақырып, түнімен жыр айтқызған көрінеді. Соған қарағанда дүние есігін жырмен ашып, жырмен өсіп, жетілген сияқтымын. Менің өлең жазуды ерте бастауыма осының бәрі себеп болған құрастыратыны бар" депті. Анам оған "Болса несі бар, Түрекемнің жиені емес

пе?" деп күліпті.

Ұмытпасам, екінші сыныпты бітіріп, жазғы каникулда бидай орағында жүрген кезім болатын. Бидай сабақтарын ұстаған сол қолымның саусақтарының біріне орақ жүзін тигізіп алдым. Орақ өткір еді. Көбірек кесіп алсам керек, қан шпшып шыға келді. Қасымыздағы балалар, қыздар жиналып қалды. Бригадир де жанымызға келді. Қыздар орамалымен қолымды таңып тастады. Үйге қайтуға жинала бастадым. Осы кезде бригадир "Әй, Махмұтбай, осыған арнап бір шумақ өлең құрастыршы" деді. Мен де көп ойланғаным жоқ.

Қолымды кесіп кетті өткір орақ, Сонан соң шүберекпен алдым орап. Қаншама шүберекпен орағанмен, Қоймады ауруын қолым бірақ, - дедім.

Балалар жаппай күліп жатыр. Бригадир басын шайқап қояды.

Бұл көпшілік алдында айтқан алғашқы өлеңім еді. Бұдан кейін мектептегі қабырға газеттеріне түрлі тақырыптардағы өлеңдерім жарияланып жүрді. Бірақ ешқайсысы есімде қалмапты. Тек 4-сыныпта оқып жүргенде жазған "5 март" атты өлеңімнің алғашқы шумағы жадымда сақталыпты. Онда былай деп жазғаным бар.

Халқымыздың қаралы күні,
Болып отыр 5 март.
Сталиннің қайтқан күнін,
Қайғырады жас пенен қарт.

Сірә 1953 жылғы 5 марттағы ұлы көсемнің қайтыс болуы жайлы қайғылы хабар маған да ауыр тисе керек.

5-6 сыныптарға барғанда өлең жазуды үдете түстім. Кейде түнде көзім ілінгенше өлең жазып, май шамның жанында ұйықтап қалатын да болдым.

Түнде шам сөндірілмей қалып, таңертен анамның "Керосинді құрттың" деп ұрсып жатқанын да жиі естіп жүрдім.

Ол кезде конверт арзан болса керек. Аптасына 2-3 рет жазғандарымды "Қазақстан пионері" газеті мен "Пионер" журналына жолдап жататынымын. Олардан да үзбей "Өлеңдеріңді алдық. Көркемдік жағынан кемшіліктеріне байланысты пайдалана алмадық" деген мазмұнда жауаптар келіп тұратын. Осының өзін әжептәуір мәртебе, құрмет көретінмін. Сыныптағы балалар да қызыға қарайтын.

6-сыныптың орта кезі ғой деймін. Бірде "Пионер" журналынан өзгешелеу хат келді. Шамасы, менің топырлатып жібере бергендерімді оқудан да жалыққан болар, хат төмендегі мазмұнда жазылыпты:

Махмұтбай!

Соңғы кездері өлеңді өте көп жолдайтын болдың. Оқып үлгере алмай жатырмыз. Бір уақ сабағыңа да қарауыңды қалаймыз.

Сәлемнен,

"Пионер" журналының
бөлім меңгерушісі Т. Молдағалиев.

Хатты анама оқып бердім. Анам қуанып кетті. "Әп, бәрекелді. Ақылды бала екен, өте дұрыс жазған. Керосинді құртып, менің ақылымды алмайтын едің. Ал енді, Алматыдағы ағаларыңның айтқанын істерсің" деді анам.

Осыдан кейін ойланyp қалдым. Әрине, сабаққа қарамай жүргенім жоқ. 1-сыныптан бастап үздік оқығандығым үшін Мақтау грамоталарым болатын. Дегенмен, өлең жазуды уақытша қоя тұрғанды жөн көрдім.

Бірақ күнде өлең жазуға дағдыланып, әдеттеніп қалған екенмін, біразға дейін жаңа жағдайыма үйрене алмай жүрдім. Бір түрлі бір нәрсем ұмыт қалғандай, әлдене жетпей жүргендей сезімде болдым.

Бірақ ізденуден, өлең кітаптарды оқудан қол үзгенім жоқ. Енді бұрынғыдай жаппай оқи бермей өлеңнің сапасына, көркемдік қуатына кеңірек аударып, ақын жырларын салыстырып, салмақтай бастадым. Осы кезде ауылдық кеңес кітапханасынан ақын Қасым Аманжоловтың 3 томдық шығармалар жинағы қолыма тиді. Бұрын естімеген,

жырын оқымаған ғажайып ақынды кездестіргендей болдым. Бос уақытымның бәрінде ақын жырларын жастана жатып оқитын жанкүйіріне айналдым.

Жанымды салсам жалынға,
Жанады-ау деп те сескенбен.
Жап-жасыл болған шағымда,
Жамылып өртті өскем мен.

Күллі әлемнің ашу, кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл жүрек!

Қош болшы енді, Оралым,
Мен үшін сен құл, сайранда.
Айтпақшы, қайда бораның,
Кетейін алып майданға! - деген жыр шумақтары жадымда бірден жатталып қалды.

Өлеңге енді мүлде жаңа көзқараспен, жоғары жауапкершілікпен қарай бастадым. Бірқатар ізденіс, үйренуден кейін 8-сыныпта өлең жазуды қайта қолға алдым. Бұрынғыдай жазғандарымның бәрін газетке жолдауға асыққаным жоқ. Тек бір жылдан кейін 9-сыныпта оқып жүргенімде жан-жақты қарап, жөндеуден өткізген "Бұлақ" деген өлеңімді "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетіне жолдадым. Осы өлеңім газеттің 1958 жылғы 15 наурыздағы санында жарық көрді. Бұл алыстағы ауыл мектебі үшін тосын жағдай болды. Мені мектеп директорынан бастап барлық ұстаздар, 9-сыныпта бірге оқитын оқушылар құттықтады. Орталық газетке ауданнан алғаш өлеңі шыққан да мен екенмін. Әлгі өлеңімді аудандық "Күрішшілер" газеті көшіріп басты.

Бұдан кейін өлеңдерім облыстық "Ленин жолы" (қазіргі "Сыр бойы"), "Қазақстан пионері" газеттері мен "Пионер" журналында жариялана бастады. "Пионер" журналының 1959 жылғы сәуір айындағы 4-санының ішкі

мұқабасында түгелдей менің жұмбақтарым берілді.

Мұның барлығы ақындар шығармаларын көп оқып, ізденуімнің игі нәтижесі еді.

"Жүзім бағы" деп аталатын алғашқы жыр жинағым республикалық "Жалын" баспасынан 1976 жылы жарық көрді. Бұған сол кездегі баспаның бас редакторы көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиевтің елеулі көмегі тиді.

1955 жылы 6-сыныпта оқып жүргенімде "Сабағыңа қара" деп жазған Тұманбай ағамен алғаш жолығудың сәті 1974 жылы қазан айында түсті. Тұмаға ол кезде "Жалын" баспасының және "Жалын" альманағының бас редакторы еді. Өзіммен бірге ала барған 6-7 өлеңімді асықпай оқып шығып, бірден ұнатты. Оларды шығуға дайындалып жатқан "Жалын" альманағының келесі санына салды. Алғашқы жыр жинағымды баспаның келесі жылғы жоспарына енгізді. Осыған іле-шала "Қызыл жырғыл" атты жыр жинағымның 1978 жылы жарық көруіне де ықпал етті.

Талай жастың талабына қолдау көрсетіп, қадамына қанат бітірген жаны жомарт, адал жүректі асыл азамат, көрнекті ақын Тұмағаның менің де әдебиет әлеміне алғаш енуіме көрсеткен көмегін, игі жақсылығын ұмыта алмаймын.

Бұдан кейін жергілікті баспадан "Сыр жырлары", "Сыр әндері", "Сыр мектебі", республикалық баспадан "Ақ сәуле", "Жылдар, жырлар", "Сырдария - жырдария" атты кітаптарым шықты. 1990 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылдандым.

Өлең өріне бастауыш сыныптан басталған алғашқы қадамым осылай жалғасын тапты. Қасиетті, киелі өнер - өлеңді осылай бастап, осылай жазған едім...

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ.

Үздік ғылыми жоба жеңімпаздары



Жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сынып оқушылары арасында дарындыларды анықтау және олардың ғылыми зерттеу жұмыстары мен инновациялық бағытын ынталандыру мақсатында М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде жас ғалымдар арасында республикалық байқауы өткізілді.

Осы байқауда Қызылорда қаласындағы №268 орта мектебінің 6 сынып оқушысы Санақұлова Аружан "Қиялын қылқаламмен тербеген" тақырыбында ғылыми жоба қорғап, III дәрежелі диплом иеленді, ғылыми жетекшісі бейнелеу пәні мұғалімі Пірекеева Маржан. Сонымен қатар, 9 сынып оқушысы Аман Сағыныш "Айбарлы, ақсүйек те Қожжан Әулие"

тақырыбында ғылыми жоба қорғап, II дәрежелі диплом иеленді, ғылыми жетекшісі, тарих пәні мұғалімі Саулебекова Райхан. 10 сынып оқушысы Нұрғали Меруерт "Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі геометриялық фигуралар" тақырыбында ғылыми жоба қорғап, II дәрежелі дипломмен марапатталды, ғылыми жетекшісі математика пәні мұғалімі Шерімбетова Жарқынай. Ғылыми жетекшілері құрмет грамотасымен марапатталып, мектеп абыройын асқақтатты.

Жанар ШАЛБАЕВА,
№268 орта мектебінің
биология пәні мұғалімі.

Ерлікке-тағзым

Ерлік -өшпес мұра



Ұлы Отан соғысы ел басына ауыр қайғы-қасірет әкелді. Көптеген отбасының шаңырағын шайқалтып кетті. Кеңестер Одағы соғыста гитлершіл фашизмді ұясында талқандап, Жеңіске жеткенімен, оның салған жарасы сан жүрекке өшпес таңба болып басылып қалды. Отан қорғауға Қазақстаннан аттанған 1 млн. 200 мың адамның 600 мыңы, облысымыздан аттанған 40 мың азаматтың 20 мыңы, ауданымыздан аттанған 4949 адамның 2239 -ы кіндік қаны тамған еліне оралмай, туған жердің топырағы бұйырмай қалды.

Қан сасып, өрт шалған майдан даласынан аман-сау оралып жатқандар некен-саяқ. Өмір жолы өксімен өткен жарым көңіл, ақшымылдығын әлі кір шалмаған жас келіншек, екі көзі төрт болып жан-жарын тосты. Әкесіз жетім қалып, көзі боталаған жас бала "көкедеп" шешесінің етегіне орала берді. Маңдайында жұлдыз боп жанған перзентінен хабар-ошар жоқ кеудесі күпті, мұңлық ана күнде жаутаңдап, әлі қара бұлт арыла қоймаған батыс жақтағы созалаңдаған жолға қолын маңдайына тосып қарағыштай берді.

Аттанып кетіп барам майданға мен,
Қоштасып алтын бесік қайран елмен.

Мен, бәлкім, оралармын,
Оралмаспын,

Артымда белгі болып қалсын өлең-деп, әр соғысқа аттанған жауангерлер туған жерін, отбасын қимай қоштасып, оралмай от құшқандар қаншама. Қазіргі уақытта Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер жыл сайын азайып келеді. Ауылымыздың Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрлыбаев Сейдан ата биыл тамыз айында 90 жасында дүниеден өтті. Сейдан атамның соғыс жылдарындағы ерліктері жыл сайын мектеп оқушылары, ауыл тұрғындарымен өткен кездесулерде айтып талқыланатын. Балаларға батасын беріп, майдан даласындағы ерліктерін айтып отыратын ақсақал қариямыз қазір қасымызда жоқ. Әр жыл сайын Жеңіс күні отбасы болып Сейдан атаны құттықтайтын туыстары - биыл атамның еске алу күнін атап өтпекші.

Нұрлыбаев Сейдан ата 1925 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Елтай колхозы, Құмарық ауылдық елде қарапайым жанұяда дүниеге келген. 1943 жылы қаңтар айында әскер қатарына алынған. Жаңақорған ауданы бойынша барлығы 83 бала бірге аттанған. Барған жері осы күнгі Астана қаласы, бұрынғы Ақмола облысы. Қысы өте суық, сырттан барғандар үшін өте қолайсыз болады. Содан әрі қарай осында №39 полкта соғыс тәртібін үйренеді. "Ол кездегі тәртіп бұл

кездердегідей емес, нағыз болаттай қайнатып шығаратын" дейтін қария.

1943 жылы тамыз айында қазақ-қырғыз балаларын соғысқа аттандырады. Ақмоладан Көкшетауға 12 полктан қанша екені белгісіз Петропавел қаласына аттанады. Осында 2-3 ай соғыс тактикасын үйретіп, қаңтар айында соғысқа аттандырады. Сейдан ата соғыста пулеметші болған. Соғыстағы ерлігі үшін "Қызыл жұлдыз" және "Отан соғысының бірінші дәрежелі" орденімен наградталады.

1944 жылы Шығыс Пруссия жерінде Нұрлыбаев Сейдан атаға үлкен шабуыл алдында жау жақтан тіл әкелу жүктеледі. Түн қараңғылығын пайдаланып, дұшпанның алғы шебіне жетіп, тілді қолға түсіреді. Қайтар жолда оларды байқап қалған немістер оқтың астына алады. Тіпті зеңбіректерді де іске қосады. Жолдарына келіп жарылған снарядтан барлаушылар командирі Нұрлыбаев Сейдан ауыр жарақатқа ұшырады. Майдан даласынан қарулас достары алып шығады. Құлағы естімей, тілі шықпай госпитальда бір ай жатады. Ауылға сәуір айының 23-күні жазған хатында:

Халім бар осы күні өте нашар,
Басына іс түскенде қатты сасар.
Қаза болып бұл соғыста өліп

кетсем,
Тете інім жоқ артымды орын

басар.
Дәрігерлердің көмегі арқасында бұл жолы да госпитальда емделіп шығады. Енді денсаулығына байланысты барлаушылар взводынан пулеметшілер ротасының командирлігіне ауыстырылады.

1945 жылы сәуірде Кенисберг қаласы үшін кескілескен ұрыста ол үшінші рет ауыр жараланып, тағы госпиталь төсегіне тағылды. Жазылып сапқа тұрамын деп жүргенде қанқұйлы соғыс аяқталды. Жеңіс туы Рейхстаг төсінде желбіреді.

Соғыстан жиырма жасында оралған Нұрлыбаев Сейдан ата еңбекке араласты. Көзі ашық, көкірегі ояу, білімді азамат болды. Ауылда колхоздың қалыптасуы мен жұмысшылар және шаруалардың егіс шаруашылығына бригадир болып, қара жұмыс істеді. Қожамберді ауылындағы мал шаруашылығының өркендеуіне үлес қосты. Қазіргі кезде ұл-қыздары Сейдан атаны сағынышпен еске алады. Халық туған елі мен жері, қасиетті Отаны алдындағы өлшеусіз еңбек сіңірген перзенттерін ешқашан ұмытқан емес. Оларды әрдайым құрметтеп, есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа үлгі ету парызымыз.

Жаңагүл ОПАШОВА,
№162 мектеп мұғалімі.
Жаңақорған ауданы.

Хабарлар

“Кітаптар қалашығына саяхат”



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Халықаралық маңызға ие Балалар кітабы күнін атап өту жылдағы дәстүрге айналған. Халықаралық балалар кітап күнін өткізудегі басты мақсат - оқырмандарға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы зор, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітаптарды күтіп ұстауға үйрету, балаларлы ертегі арқылы мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу болып табылады.

Облыстық кітапханының балалар әдебиеті бөлімі "Кітаптар қалашығына саяхат" атты ашық есік күнін өткізді. Аванзалда "Кітаптар қалашығына саяхат" атты кітап көрмесі,

"Ойлан, ізден, жасап көр" атты көрме-хобби, "Кітап және жанұя - менің ең жақын достарым" атты фото-сурет көрмесі ұйымдастырылды. Ашық есік күніне №23 мектеп, №264 мектеп-лицей және №12, №144, №217, №233 мектептердің оқушылары, ұстаздары және мектеп кітапханашылары қатысты.

Шараға қатысушылар №144, №217 орта мектептердің оқушылары дайындаған әдеби-сазды бағдарламасын тамашалап, №23 және №264 мектеп-лицей оқушылары дайындаған қолдан жасалған заттардың көрмесімен танысты.

Бүлдіршіндерге "Балдырғандар" залында мультфильмдер көрсетілді. Шара соңында балалар өздері оқыған кітаптары және көргендері жайлы айтып, ой бөлісті.

Бозторғай ән-би байқауы



Оқушылардың әнге деген қызығушылығын арттыру, әншілік қабілетін, актёрлік өнерін, хореографиялық талантын ашу. өнерге баулу мақсатында мектебімізде жыл сайын дәстүрлі "Бозторғай" балалар мен жасөспірімдер ән-би байқауы өткізіліп тұрады.

Байқауға кіші топ "Балапан" балабақшасымен екі мектепалды даярлық топтары, орта топ яғни 6-10 жас аралығы, үлкен топ 11-16 жас аралығындағы жасөспірімдерді топқа бөліп

қатыстырылды.

Мектеп директоры Жүсіпова Мира, ауылдық клуб әдіскері Гүлжайна, мектеп психологы Саймағанбетова Гүлмира төрелік жасап, өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, байқауға қатысқан оқушыларды жүлделі орындарымен құттықтап, сыйлықтар ұсынды.

Гүлзат ЕСҚАЛИЕВА,
№ 114 орта мектеп тәлімгері.
Жалағаш ауданы.

Меншік иесі:
“Сыр мектебі”
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.

“Print” баспаханасында басылды.

Тапсырыс 926

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған. Индексі 65639. Таралымы 1848 дана.

Мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы, М.Шоқай көшесі №8 үй.
Телефондар:
Бас редактор: 21-50-75.
Тілшілер, есепші: 40-06-72.
E-mail: syrmektebi@mail.ru